



Азаматтар табысын арттыру-басты міндет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Отырыс барысында елдің 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы баяндалып, биылға арналған іс-қимыл жоспары қарастырылды. Жиынды ашқан Президент былтыр ел экономикасының 4 пайызға өскенін, бірақ қаңтар оқиғасы біздің өмірімізді түбегейлі басқа арнаға бұрып жібергенін айтты.

—Өңдеу өнеркәсібі 5,5, құрылыс индустриясы 7,6 пайызға артты. Қызмет көрсету саласында оң үрдіс бар. Сауда-саттық — 9,2, көлік саласы 3,6 пайызға ұлғайды. Дегенмен, инфляция деңгейі межеден асып кетті. Бұл көрсеткіш 8,4 пайыз болды. Өкінішке қарай, қаңтар оқиғасы қалыпты өмірімізді түбегейлі өзгертті. Тәртіпсіздік салдарынан көптеген қазақстандық зардап шекті. Шағын және орта бизнес шығынға батты. Соңғы деректер бойынша бизнеске 100 млрд теңге көлемінде залал келді. Жаңа үкіметтің алдында ел экономикасын тұрақтандыру және инфляцияны төмендету бойынша міндет тұр. Бұл — маңызды міндет. Сондықтан оны басымдықтардың бірі ретінде санауымыз қажет. Ең бастысы, азаматтарымыздың табысын арттыруымыз қажет, — деді Қ.Тоқаев.

Президент қазіргі сәтте елде миллионға жуық азаматтың табысы ең төменгі күнкөріс мөлшеріне де жетпейтінін жеткізді.

«Табыс — келешекке деген сенімді оятып, халықтың әл-ауқатын арттыратын басты фактор. Өкінішке қарай, соңғы уақытта халық табысы экономиканың жақсаруы есебінен емес, әлеуметтік трансферт есебінен өсті. Тек қана әлеуметтік жәрдемақы мен зейнетақыға күн көріп отырған адамдар да аз емес. Бес жылда халықтың жалпы табысындағы еңбек кірісінің үлесі 80 пайыздан 67 пайызға қысқарған. Ал әлеуметтік трансферттер 17-ден 29 пайызға өскен. Қазір азаматтардың табысы жалақыға емес, бюджет шығынына тәуелді болып тұр. Қарызға батып, кедейлікке ұрынған адамдар саны көбеюде. Сөйте тұра, орташа жалақы мен жан басына шаққандағы табыс көлемі ұдайы өсіп келеді деген көпірме есеп берілуде. Бұл — нағыз көзбояушылық. Менің тапсырмам бойынша, халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр. Бұл құжатта тұрғындардың кірісін көбейтумен қатар орынсыз шығынды азайтатын тың шаралар қарастырылуы тиіс», деді Қ.Тоқаев.

Сондай-ақ Президент әкімдердің бюджеттік дербестігі туралы да сөз қозғады.

«Барлық деңгейдегі әкімдердің бюджеттік дербестігін арттыру қажеттілігіне арнайы тоқталғым келеді. Өңірлердің 82 пайызы дотацияда отыр, бұл дұрыс емес. Бұл — біздің әдістемеміздің, бюджетаралық қатынастардың ерекшелігі. Әкімдер қашан көрсек жалпы және мақсатты мәндегі трансферт сұрап министрлік табалдырығын тоздырып жүреді. Сосын, орталық деңгейіндегі шығыны мол баста-



малар «Жергілікті бюджетке лақтырамыз, ал әкімдер өздері реттеп алсын» деген ұстаныммен шешіледі. Қазір олай жұмыс істеуге болмайды», деді.

Мемлекет басшысы формальды ережелер мен процедураларды көзсіз ұстану процестің нәтижеге қысым көрсетумен аяқталатынын да айтты.

«Жылдар бойы тапсырмалар беріліп, сарапшылар рекомендациялар әзірлеп келеді. Бірақ соның бәрі бюрократия батпағына батып, кертартпалыққа ұрынып жатады. Сондықтан да бюджеттік жоспарлау бойынша шешімтал реформа жүзеге аспады. Мұны қалай түсінуге болады? Жаңаша жұмыс істеуге қабілетті жетпей ме, әлде өздері бас июге мәжбүр болып отырған министрлік пен әкімдіктерге әсер ету тетіктерін жоғалтып аламыз деп қорқу ма? Сол себепті, цифрландыруға сәйкес теңдестірілген шешім қабылдауға бір ай уақыт беремін», деді Мемлекет басшысы.

Жиында сөз алған Премьер-Министр Әлихан Смайылов былтыр ішкі жалпы өнім өсімі 4 пайызды құрап, тұрақты экономикалық өсімнің негізгі факторы—нақты сектор болғанын атап өтті.

«Өнеркәсіп өнімінің көлемі 8,38 пайызға жетті. Тау-кен өнеркәсібін есепке алмағанда, негізгі экономикаға салған инвестициялар 9,5 пайызға ұлғайды. Тікелей шетелдік инвестициялар 2021 жылдың 9 айында шамамен 50 пайызға өсіп, 18,8 млрд долларды құрады. 11 айдың қорытындысы бойынша сыртқы сауда мен инвестиция тарту саласында біраз өсім байқалды. Сыртқы сауда айналымы 15,4 пайызға өсіп, 91,4 млрд долларға жетті. Тауарлар экспорты 25 пайызға артып, 54,5 млрд долларды құраса, импорт көлемі 4,2 пайызға өсіп, шамамен 37 млрд доллар болды», деді Үкімет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын бизнесті «Атамекен» ҰКП-ның мүшелік жарнасынан босатуы тапсырды. Мемлекет басшысы отандық бизнес құрылымындағы шағын компаниялар үлесінің 90 пайызды құрап отырғанын

мәлімдеді.

«Палатаны реформалау кезінде оның шағын бизнесті дамыту, қорғау және қолдаудағы функционалын біріктіру қажет. Бұл ретте шағын бизнесті міндетті мүшелік жарнадан босату маңызды», деді Президент.

Ә.Смайылов қаңтар оқиғасынан кейін Президенттің шұғыл берген 108 тапсырмасының 44-і орындалғанын, қазір әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі жедел іс-жоспар аясында елдің барлық аймағында қоғамдық тәртіп қалыпқа келгенін айтты.

«Коммуналдық қызметтердің бағалары мен тарифтерінің өсуіне жарты жылға мораторий енгізілді. Жанар-жағармайға және газға шекті бағалар белгіленді. Үкімет жанындағы отандық кәсіпкерлер кеңесі құрылды. Утилизациялық алымдар мемлекетке берілді. 100 пайыз мемлекеттік ұйым — «Жасыл даму» акционерлік қоғамы жауапты оператор болып айқындалды», деді Ә.Смайылов.

Оның айтуынша, автокөлік пен ауылшаруашылық техникаларына салынатын утиль алымы айтарлықтай төмендейді. Бұл бойынша жұмыс жалғасып жатыр. Сонымен қатар Премьер-Министр жеңілдетілген авто-несиелеу бағдарламасы үшін 100 млрд теңге бөлінетінін де жариялады. Жиын барысында Мемлекет басшысы отандық автоөндіріс жайына да көңіл бөліп, өнеркәсіп саясатында негізінен автокөлік жасау саласына басымдық берілгенін, алайда отандық өнім үлесі әлі де төмен екенін айтты. «Ашылып жатқан жұмыс орындары да аз. Өнеркәсіп саласына жауапты министр индустрияландырудың барлық мәселесімен мұқият айналысуға тиіс. Әсіресе даму мүмкіндігі жоғары салаларға баса мән беруді тапсырамын», деді. Сонымен бірге утилизациялық алым мәселесіне де пікір білдірді.

—Утилизациялық алым бойынша біз шешім қабылдадық. Барлық қаражат мемлекетке түседі. Енді ставкалардың мөлшерін анықтау қажет. Жұмыс тобы бұл мәселені белсенді талқылауда. Бірден айта кету керек, утиль

алымды біз қайта қараймыз. Бірақ шектен шығудан аулақ болу керек. Автоөнеркәсіпті дамытуға жұмсалған ақшаны желге шашып, импорттық ескі көліктер ағынына өз нарығымызды ашуға болмайды. Утилизациялық немесе тіркеу алымы түпкі мақсат емес. Бастысы, тұтынушылар үшін автокөлік пен ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін қамтамасыз ету. Өндірушілер мен дистрибьютерлер тарапынан әрекет болады деп сенемін, — деді Президент жиында.

Пандемия дауылынан банк секторының аман шыққаны, әрі біршама табысқа жеткені де белгілі. Әрине, кірісі мол саланың тиімділігін оңды пайдалана білу қажет. Мұны Президент жиі айтып жүр. Осы жолы да арнайы тоқталып, банктерді тиімді жобаларды несиелеуге ынталандыратын реттеушілік механизм құру керек екенін атап өтті. Сондай-ақ инфляция деңгейі 2025 жылға қарай 3-4 пайыз дәлізінде болуға тиіс деп тапсырма жүктенді.

«Ұлттық банк инфляция дәлізін 2022 жылы 4-6 пайыз деңгейінде, 2025 жылы 3-4 пайыз деңгейінде ұстап тұру үшін тәуелсіз ақша-несие саясатын, ақылға қонымды саясат ұстану керек. Нақты экономиканы кредиттеу туралы да ұмытуға болмайды. 2018 жылдан бері банк секторын орнықты дамыту бағдарламасы іске асырылып жатыр. Проблемалы кредиттердің шығыны жабу үшін банктерге 700 млрд теңге бөлінген. Алайда банктер тарапынан кредит қолжетімділігі және көлемі бойынша қарымта қадам байқалып отырған жоқ. Ескі проблема. Үнемі айтып жүрміз. Өтімділігі жоғары профиттер өсіп жатыр. Бұл проблеманы білеміз. Ол банктердің атын да білеміз. Бүгінде аталған профиттің 12 трлн теңгеді байлаған. Бұл қаражат экономикаға, оның ішінде бизнестің ақылға қонымды жолмен дамуына, ипотекалық нарыққа жұмыс істеуі керек. Реттеу тетігін құру керек. Сол арқылы банктердің тиімді жобаларды қаржыландыруға ниеті болуы керек. Бұл — Ұлттық банктің жаңа басшылығы мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің міндеті», деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Ұлттық банктің жаңа төрағасы Ғалымжан Пірматов дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізу жалғасатынын мәлім етті.

«Баға өсімін одан әрі төмендету үшін Ұлттық банк дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырады. Ол Үкімет тарапынан тауар нарықтарындағы дисбаланстарға жол бермеуге бағытталған жүйелі шаралармен қатар орындалуға тиіс», деді Ф.Пірматов.

Президент шұғыл түрде орындауды міндеттеген тағы бір сектор — кеден саласы.

«Кеден бекеттеріндегі қордаланған мәселелерді жедел шешу қажет. Бұл бюджет үшін айрықша маңызды бар сала. Тағы да қайталап айтамын, ондағы былықты жөнге келтірмесе, салдары ауыр болуы мүмкін. Қытайдың статистикасы мен біздегі көрсеткіштің айырмасы 5,7 млрд доллар болуы соның дәлелі.

(Жалғасы 2-бетте).

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қазір Қытаймен арадағы кеден бетінде 12 мыңнан астам көлік электронды кезекте тұр. Құзырлы экономикалық операторлардың заңсыз іс-әрекеті туралы бұған дейін де айттым. Олар кеденнен және басқа да бақылау органдарынан соншама жеңілдікті қалай алып отыр? Не себепті бұл мәселе назардан тыс қалған? Бұл сұрақтарға 10 күннің ішінде нақты әрі толық жауап күтеміз», деді Президент.

Мемлекет басшысы саланың қызметін заң бойынша қатаң реттеуді тапсырды. Сондай-ақ кеден мен логистика саласындағы проблемаларды халықаралық ойыншыларды тарту арқылы шешуге болады деген нұсқа айтты. Қ.Тоқаев отырыс барысында еркін экономикалық аймақтар қызметін де сын тезіне салды. Прези-



қарастыру және оларды түзету үшін нақты шешімдер қабылдау тапсырылады», деді Президент.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында қозғалған мәселелердің бірі – шетке кеткен ақшаны елге қайтару жайы. Бұл шаруаны орындау үшін Президент Үкіметке екі ай уақыт берді. Осы екі айда Үкімет елден заңсыз шығарылған ақша қаражаттары мен активтерді қайта әкелу бойынша тиімді ұсыныс дайындауы қажет. Президент бизнестен салықтық әділдік, әлеуметтік жауапкершілік талап етілетінін де атап өтті.

«Оның бір көрінісі—«Қазақстан халқына» қорына қаражат аудару. Бұған дейін де айттым, бүгін де қайталаймын, қордың қалыптасуы ірі ұлттық буржуазия есебінен жүргізілуі тиіс. Әрине, шетелдік инвесторларды қоса алғанда басқа да компания-

Азаматтар табысын арттыру-басты міндет

денттің айтуынша, ең алдымен бюджеттегі тиімсіз әрі шығыны көп жобаларды анықтап, одан түбегейлі бас тарту қажет.

– Еркін экономикалық аймақтардың көбі инвестиция әкелу ісінде тиімді болған жоқ деп бірнеше рет айтқанмын. Ал оларға шамамен жарты трлн теңгедей болатын ауқымды салықтық ынталандыру топтамасы берілді. Нәтижесінде, не алдық? Кейінгі үш жылда аталған еркін экономикалық аймақтарда өндірілген тауарлардың көлемі ішкі жалпы өнімнің 1,5 пайызынан да аспайды. Ал олардың экспорттық үлесі тіптен жалпы ел экспортының 0,1 пайызына ғана тең. Осы мәселені реттейтін кез келді. Жаңадан тағайындалған Индустрия министрі бұл түйткілдің шешімін табады деп ойлаймын. Еркін экономикалық одақтардың басшылығы пайдалы әрі тиімді жобаларды жүзеге асыруға құлықты емес. Олардың әкімшіліктерін тәртіпке шақырыңыздар. Үкіметке бір ай уақыт беремін. Заңға өзгеріс енгізуден бастап қажетті шараның бәрін қабылдаңыздар. Іштен және сырттан инвестор тартыңыздар, – деп міндет жүктеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сын садағына құрылыс саласы да ілікті. Ол елде санаулы құрылыс компаниясының ғана үстемдікке ие болып отырғанын, коммерциялық нарық та, мемлекеттік тапсырыс та солардың қолына шоғырланғанын атап өтті. Айтуынша, ондай компаниялар бұған әкімшілік ресурсты пайдалану арқылы қол жеткізіп отыр.

«Үкіметке Бәсекелестік қорғау және дамыту агенттігімен бірге құрылыс нарығын монополиядан арылту және бәсекелі дамуы бойынша шаралар пакетін әзірлеуді тапсырамын. Ондай монополист компаниялардың аты да белгілі. Тендерді ұтып алып, оны қосалқы мердігерлерге беретін, олар тағы басқа қосалқы мердігерлерге беретін компаниялардың атауы белгілі. Сондықтан оған тоқталмай-ақ қояйын», деді Қ.Тоқаев

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің жыл сайын елімізде салынатын тұрғын үй көлемінің артып келе жатқанын айтатыны белгілі. Биылғы жеке-17 млн шаршы метрге жеткізу. Мемлекет басшысы бұл деректі қаншалықты сенімді екенін тексеру қажет дегенді баса айтты.

–Әкімдер жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ескі үйлер мен саяжайларды да есепке қосып жібереді деген ақпарат бар. Ал биыл былтырғыдан 1 млн шаршы метр артық үй салынады деп жоспарланып отыр. Бірақ құрылыстың мұндай қарқынына коммуналдық инфрақұрылым ілесе алмай жатыр. Елордадағы ахуал – осының айқын дәлелі. Қалада алдағы 3 жылда сағатына 900 Гкалл жылу тапшылығы болуы мүмкін. Дәл осын-

дай мәселе кейбір облыс орталықтарында да бар. Құрылыс жоспарын ескере отырып, оған қанша коммуналдық инфрақұрылым қуаты қажет болатынын болжай білуі керек. Үкімет бұл жұмысты әкімдермен бірлесіп атқаруға тиіс. Осы талдаудың негізінде нақты шаралар қабылдау қажет. Мұнан былай тиісті инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар жерге ғана тұрғын үй салынуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жалдамалы тұрғын үйді субсидиялау жөніндегі бастамасын тездетіп жүзеге асыру қажеттігіне де баса мән берді. Бұл бастама өткен жылы іске қосылуы керек еді.

– «Отбасы банк» пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі субсидия алаушылар мен жылжымайтын мүлікті жалға берушілер тіркелетін арнайы цифрлы платформаны әзірлеуге тиіс. Азаматтар өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес әкімдіктер немесе құрылыс компаниялары айтқан жерден емес, өздері қалаған жерден тұрғын үй таңдай алады. Әлеуметтік жағдайы нашар топтар үшін жалға алу шығынының 50 пайызы мөлшеріндегі

рық-Қазына» қоры 12 ірі жобаны жүзеге асыруда. Бұл – энергиямен қамтамасыз етуге, газ өндіруге, темір жол инфрақұрылымын салуға қатысты жобалар. Жұмыстың жалпы құны – 3,4 трлн теңге. Әрине, аталған нысандар халыққа қажет. Алайда жобалардың құнына және мердігерлердің конкурстық таңдалуына қатысты көптеген сұрақ туындайды. Мысалы, Кеңдірлідегі су тұщытатын зауыттың жобасы шетелдегі дәл осындай жобалардан 3 есе қымбат тұрады. Екі бастаудағы ГРЭС пен Алматыдағы энергетикалық торапты жаңғыртуға тым көп қаражат бөлініп отырған жоқ па? Осындай мысалдар аз емес. Сондықтан мұндай жобаларды жүзеге асыру үшін ашық халықаралық байқау өткізген жөн. Бұл қалыпты тәжірибеге айналуға тиіс. Реттелетін мемлекеттік сатып алу жүйесінің жағымсыз жағы да бар. Бөлінген қаржыны қалайда игеру керек деген ұстаным дұрыс емес. Әрбір әрекетті, тіпті болмашы қадамның өзін келісу қажеттігі туралы талап та мүлде орынсыз», деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы делдал компаниялардың нарыққа зиян

лардың жарнасы қабыл алынады. Тағы да айтамын, бұл мәжбүрлеу емес. Бұл-табысты компаниялар мен азаматтардың игілікті жалпы, ұлттық мақсатқа қолхыны созуы», деді Мемлекет басшысы.

Соңғы бес жылда ауыл шаруашылығын дамытуға 2 трлн теңгеден астам қаражат бөлінген. Алайда субсидия қанша өссе де, салада ауыз толтырып айтатындай өзгеріс болған жоқ. Президент осылай деді.

«Субсидия түпкі иесіне жетпей, орта жолда талан-таражға түсуде. Тіпті ауыл шаруашылығына еш қатысы жоқ салалар да оның қызығын көруде. Соңғы жылдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 960 қылмыстық іс тергеген. Соның 54 пайызы субсидияны жымқыруға қатысты болған. Мысалы, жайылымдық жерлерді суландыруға 80 млрд теңге бөлінді. Бірақ оның тең жартысы желге ұшты. Осы жұмысқа қажетті құрал-жабдықтың бағасы 2-3 есе артық көрсетілген. Тіпті кей жағдайда қаржыны қағаз жүзінде игере салған», дейді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы саланы ретке келтіруді, аграрлық саланың тиімділігін арттыруға бағытталған субсидиялаудың жаңа жүйесін құруды тапсырды. Сондай-ақ үкіметке жер учаскелерінің шекті көлемін анықтау үшін сарапшылар мен ғылыми институттардың қатысуымен жұмыс тобын құру міндеті де жүктелді.


Сондай-ақ жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мәселесін АЭС салу арқылы тез арада шешу қажет деп санайтынын мәлімдеді.

– Жауапты тұлғалардың атом стансасын салу мәселесі жөніндегі сауалдарға жауап беруден неге жалтара тындарын түсінбеймін. Шындығын айту керек, егер таза атом энергиясы болмаса, инвестиция тартпақ түгілі, барлық экономикадан да, аймақтық көшбасшылықтан да айрылып қаламыз. Бізге электр қуаты, әсіресе таза атом энергиясы аса қажет. Экономикалық ахуалдан хабары жоқ популисттердің сөзіне ермейік. Атом энергетикасының мәнін кәсіби деңгейде түсіндіру қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін түйіндей келе, мемлекет пен бизнес басшылыққа алуға тиіс қағидаттарды айқындады.

–«Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Бұл саясат шенеуніктердің жөнсіздігіне жол бермейді. Бәсекеге және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге жекеменшікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді,– деді Президент.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Егемен Қазақстан» газетінен.



субсидия мемлекеттен төленеді. Тұрғындар отбасылық бюджеттің артылған ақшасын азық-түлік, білім алу, медицина және тағы басқа қажеттіліктеріне жұмсай алады. Осы жүйе бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімін биылғы 1 мамырдан кешіктірмеуді тапсырамын,– деді Мемлекет басшысы.

Квазимемлекеттік сектор мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Президент сөзінше, квазимемлекеттік сектордың инвестициялық жобаларының құны тым асыра көрсетілетіні жасырын емес.

«Оны аз десеңіз, құрылыс барысында баға тағы да өседі. Бүгінде «Самұ-

тигізіп жатқанын да айтты. Оның сөзіне қарағанда, азаматтардың өз игілігіне жарайтын қаржысы сондай ұйымдардың қалтасына кетіп жатыр.

«Әңгіме әртүрлі монополиялық оператор делдалдары мен қажетсіз агенттіктердің комиссиясы мен тарифтері туралы болып отыр. Бұл проблеманы білесіздер. Сұрақ – олардың қызметі үшін кім төлейді? Яғни оның негізінде мемлекеттік органдардың қоғам мүддесі емес, белгілі бір компаниялар мүддесін ғана басшылыққа алған нормативтік-құқықтық актілер жатыр. Үкіметке осы түйткілге ерекше мән беру және «Атамекен» ҰҚП-пен бірлесіп әр жағдайды жеке



тоқталып, осы бағыттағы жұмысты жүйелеу қажеттігін ортаға салды. ҚР Жазушылар одағының мүшесі Тұмартай Дінтайұлы зиялы қауым өкілдерін ауданның дамуы жолынды жұмыс істеуге шақырды. Сонымен қатар, С.Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейінің директоры Ниязәлі Дүйсенбек сөз алып, зиялы қауым өкілдерін жаңадан ашылған музеймен танысуға, ел ішіндегі жәдігерлерді музей қарамағына өткізуді ұйымдастыру ісін бір

Зиялы қауым өкілдерімен кездесті

Өткен аптада «Мыңжылқы» мәдениет үйінде аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков зиялы қауым өкілдерімен кездесті.

«Ынтымақ түбі - игілік» атауымен өткен кездесуде аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ернар Сағындық хабарлама жасады. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы тағылымды бас қосудың мақсаты, ел ішіндегі зиялы қауым өкілдерімен бас қосып, олардың ұсыныс-пікірін тыңдап, ашық жарқын әңгімелесу екеніне тоқталды.

«Қашанда халық ортасынан табылатын сіздердің пікірлеріңіз біз үшін маңызды. Сіздермен қашанда елдің бірлігі, халықтың ауызбіршілігі жолында жұмыс істеуге дайынбыз. Туған жерді түлету жолында айтылған ұсыныстарыңызды қолдаймыз. Сіздермен қашанда ашық диалог құруға әзірміз,- деді аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков.

Мұнан соң сөз алған Қ. Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің төрағасы, ақын, жазушы Мыңжасар Асқаров бүгінгі жиынның маңыздылығына тоқталды. Ұлттық тәрбие жөнінде сөз қозғап, аудандық орталық кітапхана ғимаратына қатыс-

ты мәселе көтерді. Аудан ақын жазушыларының шығармаларын кітап етіп шығарып беруге жәрдем етуді сұранды. Сондай-ақ халықты бірлікке шақыратын форум өткізуді ұйымдастыру қажеттігіне тоқталды. Аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Беков, газеттің сапасына қатысты мәселе көтеріп, жастар тәрбиесі туралы ой қозғады. Тарихшы өлкетанушы Рахманберді Жаппарқұлов, мектепте патриоттық тәрбие беру мәселесін көтеріп, аудан әкімінің алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Жазушы Тұрысбек Шылманбетов Созақ көтерілісінің мән маңызына тоқталып, оған қатысушылардың тізімі жасалынса деген ойын жеткізді. Көтерілістің бас сардары Салықбай мергеннің есіміне көше атауын берудің уақыты келгенін көтерді. Ақын Бәйділда Айдарбеков «Оқушылар үйі» салынып, оған талантты өскін ұрпақты бейіміне қарай өнерге баулу ісін қолға алынса деген ұсынысын жеткізді. ҚР Журналистер одағының мүшесі Камилжан Рысметов, қазіргі таңда халық, әлеуметтік желі арқылы мәселені көтеретінін

кісідей атсалысуға шақырды. Зиялы қауым өкілдерімен кездесу барысында өзге де ел азаматтары орамды ойларын ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді. Кездесуді қорытындылаған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы көтерілген мәселенің бәрі маңызды екеніне тоқталды.

«Бүгінгі кездесуде сіздер тарапынан айтылған ұсыныстың бәрі назарға алынды. Мүмкіндігіне орай бірнеше мәселені шешу жолын қарастырамыз. Алдағы уақытта аудан орталығында бір ғимаратты көпшілікке бейімдеп, оңалту орталығын іске қосу жоспарымызда бар. Өздеріңіз көтерген оқушылар үйін, аудандық саз мектебінің мәртебесін өзгертіп, саз және өнер мектебі ретінде оның оқушыларға, өнерлі жастарға лайықтап орталық ету мәселесін тиісті орындарда көтеремін. Ақын жазушылардың кітабын шығару ісін демеушілер есебінен шешеміз. Барлық ұсыныстар ескерусіз қалмайды. Сіздермен жиі кездесіп, елдік мәселені бірге талқылаймыз,- деді аудан басшысы.

Аудан әкімі Созақ, Сызған ауылы тұрғындарының ұсыныстарын тыңдады

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Созақ ауылында болып тұрғындармен жүздесті. Олардың ұсыныс пікірлерін мен өтініштерін тыңдады. Созақ ауылында, Ә.Науайы атындағы жалпы орта мектебін, Созақ жалпы мектеп - гимназиясын және аурухана ғимаратын аралады. №1 кәсіптік техникалық колледжінің ғимаратында болып, ондағы жатахана жайымен танысты. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан бірнеше мәселе көтерілді. Ауыл тұрғындары үлкен футбол алаңын салу қажеттігін сөз етті. Сондай-ақ спорт кешені салынса деген ұсыныстарын айтты. Алдағы уақытта заманауи үлкен футбол алаңы салынатынын жеткізген аудан басшысы, халқы көп аймаққа спорт кешенін салуға жұмыс жүргізетінін жеткізді. Тұрғындар ауылда электр жарығының жиі өшетінін айтып, шағымданды. «Оңтүстік жарық транзит» ЖШС Созақ аудандық электр жүйесі филиалының басшысы Ғабит Елбергенұлы алдағы маусым, мамыр айында трансформатор ауыстырылып 2,5 шақырым электр желісі жаңарады деді. Аудан басшысы тиісті бөлімге аудандық бюджеттен трансформатор алудың заңдылықтарын қарауды тапсырды. Ауыл азаматтары 1 кәсіптік техникалық колледжінің жатахана мәселесі бірнеше жылдан бері шешілмей келе жатқанын сөз етті. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы транзиттен кездесуден соң, колледж жатаханасын көрді. Ынтымақ елді мекені тұрғындары бірнеше мәселені көтерді. Құрманғазы жалпы орта мектебіне заманауи мектеп салу, көшені жарықтандыру, электр жарығының төмендігін алға тартты. Сондай-ақ жол мәселесін қозғап, шешу тетіктерін қарастыруды сұрады. Аудан әкімі Ынтымақ елді мекенінде тұрғындарына білім ошағын салу кезек күттірмейтін мәселе екеніне тоқталды. Алдағы уақытта елді мекендегі екі көшеге тас жол, бір көшеге асфальт төселетінін айтты. Электр желісі тартылып, трансформатор ауыстыралатынын жеткізді. Сөз алған ауыл ақсақалы белсенді азамат Болат Исақов, алдағы атқарылатын жұмысқа қолдау білдіруге әзір екенін айтып, сәттілік тіледі. Алдарыңызға жиі келіп тұрамын деген аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков, тұрғындардың ұсыныс-пікірлері аяқсыз қалмайды деді.



БІРҚАТАР МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫММЕН ТАНЫСТЫ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығындағы Н.Төреқұлов атындағы ІТ лицейінде, «Жастар ресурстық орталығы» ғимаратында, С.Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейінде және «Достар» стадионында болып, олардың жұмыс барысымен танысты. Н.Төреқұлов атындағы білім ордасының ғимаратын аралап, кітапхана, спорт ғимараты, акт залын және сынып бөлмелерін көрді. Мектеп директоры Гүлсара Әлімбекова білім ордасында спорт ғимараты мен акт залына жөндеу жұмыстары қажеттігін айтты. Аудан басшысы, адами әлеуетті дамыту

бөліміне жөндеу жұмыстарына жобалау сметалық құжаттарын жасап тиісті басқармаға ұсынуды тапсырды. Сондай-ақ Мұхит Сексенбайұлы, мектеп басшылығына тұрғындар «Загатскот» атап кеткен шағын аудандағы оқушылар тасымалын ұйымдастыру кезек күттірмейтін мәселе екеніне тоқталды. Білім мекемесіне қарасты газель автокөлігін оқушы тасымалына шығарып, оған қажетті жанаржағар майды демеушілер есебінен шешетінін айтты. Одан соң, «Жастар орталығы» ғимаратында болып, ондағы ұжым жұмысымен танысты. «Жастар ресур-

стық орталығы» КММ басшысы Жеңіс Төлепбергенов өткен жылы атқарылған жұмыстарды баяндады. Орталықтағы еріктілер бұрышын көрді. «Жастар орталығы өскін ұрпақты тәрбиелейтін орын. Сондықтан орталық жанынан жастарға қажетті ашық спорт алаңын салу жобасын қолға аламыз», - деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков. Сондай-ақ, аудан басшысы аудандағы С.Қожанов атындағы өлкетану музейінде болып, ондағы тарихи жәдігерлермен танысты.

«Созақ үні»-ақпарат.



фальт, үш көшеге қиыршақ тас төселіп, күз айында аяқтау жоспарын жеткізді. Ұялы байланыс пен интернет желісіне қатысты тиісті жұмыстар жүргізу бақылауда болады, деді аймақ басшысы. Басбұлақ елді мекені тұрғындары ауыз су мәселесін көтерді. Аудан әкімі ауыз суға қатысты жоба жасалатынын айтты. Кездесу барысында ауыл ақсақалдары өскін ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, оқушыларды патриоттыққа баулу сынды келелі әңгімелерді қозғады.

Өткенге сабыр- ертеңге сенім...

Кешегі елімізде болып өткен «қаңтар оқиғасы» әрбір қазаққа ой салғаны белгілі. Одан сабақ алар тұстарымыз жетерлік. Ең бастысы халықтың сабырлық танытып, түсіністікпен қарауы болып отыр. Бұл оқиғаға байланысты еліміздің ақпарат құралдарында әртүрлі пікірлер тарап жатыр. Жақтаушыларда, даттаушыларда өз ойларын іркіп қалып жатқан жоқ.

Бұл жерде менің айтпағым оқиғаның салдарына терең талдау жасамай тұрып пікір айтудың өзі артық сияқты. Өткен оқиға өтті, оған амал жоқ, оның экономикалық және әлеуметтік – саяси зардабын әліде біраз жыл тартатын боламыз. Ендігі мақсат осындай, «қайғылы оқиғаның қайталанбауын тілейік. Ол екі жаққа да қатысты, біріншіден: биліктің көптеген оң шешімдер шығаруға бүгіннен бастап кірісіп кеткені айдан анық. Халықтың көкейіндегі дөп басып, әлеуметтік әлжуаз топтың әлеуетін көтеретін қадамдары көптің көкейінен шығып жатса нұр үстіне нұр болар еді. Екіншіден: төменгі таптың өкілдері де жоғарыдағылардың жасаған игі қадамдарының жемісін көріп отырғаннан соң, түсіністікпен, сабырлықпен әрі қарай ендігі жасалатын шаруаларға оптимистік көзқараста болу керек қой. Содан өзара түсінікті қалыптасып ел болатын қам-қарекет жасалмаса іргеміздің сөгілмесіне кім кепіл. Қазақ елінің берекесінің қашуын, кесегесін көгеріп кетуін қаламайтын топтармен, елдердің жоқ екеніне ешкім де кепілдік бере алмайды. Сондықтан бүкіл халық болып билікпен арада мәміле жасалып жоқты тауып, жартымызды бүтіндіп, олқылықтың орнын толтырып отырсақ, «қой үстіне боз торғай жұмыртқаламай ма?», осыны түсінетін ой елегінен өткізіп, санамызды жаңғыртатын уақыт жеткен сияқты. Ең бір өзекті мәселе қазіргі таңда билікте халықтың үніне құлақ асуда. Оның бер жағында кеше ғана Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының өзі «мемлекеттің мүддесі менің жеке басымның мүддесінен жоғары тұрады» деп ел алдында сөз бергені жүрегімізге қуаныш ұялатады. Осы орайда Президенттің тағы бір мына сөзін еске сала кеткен жөн. «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген сөзінің астарында көзі қарақты, көкірегі ояу оқырманға көп нәрсені меңзеп тұрғанын аңғару қиын емес. Осыдан кейін-ақ биліктің көп нәрсені қайта қарап қайыра жасайтындығына өз басымның шүбәсі жоқ. Ел арасында көп жүреміз, күнде қанша ата-анамен жүздесіп сөйлесеміз, сондағы менің байқағаным көпшілікке әлі де ашық ақиқат, ақпараттың өз дәрежесінде жетпей жатқандығы.

Қазақта мынадай мақал бар «Ет бұзылса тұз себесін, тұз бұзылса не себесің?» - дейді. Алла исі қазақтың дәм-тұзын бұзбасын деп тілейік. Ел болып осыған қызмет жасайық, халықтың қамын жедім деп, ел ішін ала-тайдай бүлдіріп, жел сөзді көпіртіп «көзбен көріп, қолмен ұстағандай» етіп айтудан аулақ болайық ағайын! Кеше ғана ақпараттан көріп, естіп отырмын «наурыз айының ортасында Президент халыққа арнап Үндеу жолдауға дайындық үстінде» деген хабар тардады. Демек, көп кешікпей-ақ еліміздің алдағы даму жолының негізгі бағыттары айқындалатынын сезіп отырмыз. Оның үстіне өткенде Президент алдағы қыркүйек айында Қазақстан халқына арнайтын кезекті жолдауында еліміздің саяси жүйесінде өзгеріс болатынын еске салып өтсе, 28 қаңтар күнгі «НұрОтан» партиясының кезектен тыс XXI съезіндегі сөйлеген сөзінде «алдағы күзде партияның төрағалығымен Президент лауазымын қатар алып жүру мәселесіне қайта оралатын боламын» деген. Міне осындай қадамдардың өзі ірі өзгеріс, үлкен жаңару болатындығын білдірсе керек. Демек, халыққа дәл қазір сабыр сақтау, берілген уәделердің орындалуын ыждағаттықпен күту керектігін баса айтқым келеді. Осы орайда Абай атамның: «Ашу дұшпан, ақыл дос, кем-кетікті түзерде ақылыңа ақыл қос» деген нақыл сөзі ойға оралса, Махмұд Қашқари бабамыз: «Зұлым есіктен кірсе, нысап шаңырақтан қашады» - деп өсиет қалдырған. Еліміздің берекесін қашырмай, ашуға бой алдырмай «сабыр түбі – сары алтын» дейтін халықтың ұрпағы екенімізді естен шығармайық!

Талғат ШАЙМЕРДЕНОВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,

А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің директоры.



Бағдарлама аясында несиелі алу шарттары түсіндірілді

Ақпан айының 9 күні Созақ аудандық Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі мен «TURKISTAN» Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы КММ-нің Созақ аудандық бөлімі екіжақты келісімі бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілеріне арналған «қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында несиелі алу шарттарын түсіндіру жиыны болып өтті. Кәсіпкерлік мектептің ғимаратында өткен бұл жиынға: Созақ аудандық мәслихатының хатшысы Б. Байғараев, NUR OTAN партиясы Созақ аудандық филиалының сектор меңгерушісі Н. Қошқарбаев, «АТAMEKEN» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Созақ аудандық филиалының директоры А. Анарбаев, мәслихат депутаты Б. Нұрланұлы Созақ аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Бек, аудандық ірі кәсіпкерлік субъектілері, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының басшысы Д. Матенова мен маманы Д. Раимов, сондай-ақ, ауылдық округ және кент әкімшіліктерінен кәсіпкерлік салаға жауапты мамандары қатысып отырды. Жиынды Созақ аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Қ. Мейірманов сөз сөйлеп ашты және жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын жиылған көпшілікке хабарлама жасап, түсіндіріп беру үшін алғашқы сөз Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының басшысы Матенова Динара Батырбайқызына берілді. Динара Батырбайқызы кешегі, 8 ақпан күнгі өкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының осы «Қарапайым заттар экономикасы» тақырыбына арнайы тоқталып өткенін сөз етті. Себебі, бұл бағдарлама елімізде жұмыссыздықты жойып, бұқара халықтың әл-ауқатын жақсартудың бір құралы. Күні бүгінге дейін ауданымыз бойынша 80 азаматтың аталмыш бағдарлама бойынша 6% жеңілдікпен, кепілдікке үй немесе кәсіпкерлік нысанын тігіп несиелі алушылардан

тілге тиек етті. Тағы да егер кепілге тігетін дүниесі болып, кәсібін онан әрі нығайту үшін 2 млрд теңгеге дейін несиелі алуға болатынын жеткізді. Әрі қарай «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында несиелі алу шарттарын түсіндірумен қатар, өзі басқарып отырған орталықтың қызметкерлерінің осы бағытта қызметтер көрсететінін, қандай жәрдемдер қарастырылғанын да айтып өтті. Сондай-ақ, несиенің бұл түрі ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығымен айналысушыларға, жаңадан өндіріс ошақтарын ашамын деген азаматтарға және халыққа қызмет көрсету саласында бағымды сынаймын деген кәсіп-

тықшылығы сол пайызының төмен болуы екен-міс. Сол себепті де банктер кепілге тігілетін біздің жерлеріміздің үйлерін ең төменгі бағамен бағалайды екен. Уәждері, біздің аудан облыс орталығынан шалғайда орналасқандықтан жекеменшік үйлеріміз жоғары бағаланбайтынға ұқсайды. Бұл мәселені біз облысқа барған сайын көтерудеміз. Алайда, нәтиже шамалы дейді бөлім басшысы. Осы ретте сөз алған «АТAMEKEN» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Созақ аудандық филиалының директоры Анарбаев Арман Қаламбайұлы жиынға қатысып отырған аудандық

мәслихаттың депутаттарына осы мәселеге қатысты облысқа, тіпті, республикаға хат жазсақ қалай болар екен деген мазмұнда базанысын да айтты. Жалпы, жиналыс барысында кәсіпкерлер тарапынан сұрақтар қойылып, өтініштілер айтылды және тиісті жауаптары беріліп, ұсыныстар ескерілді. Жиынды қорытындылау үшін қайта сөз алған Мейірманов Қайырбек ауылшаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлердің назарына:

«Облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тұрақтандыру мақсатында өңірде картоп, пияз, сәбіз және қырыққабат егетін шаруаларды ынталандыру үшін, жылдық



керлерге берілетінін мәлімдеді. Хабарламадан соң, кезек сұрақ-жауапқа берілді. Ауданымыздың әр аймақтарынан келген кәсіпкерлер аталмыш бағдарлама бойынша несиелі алуға қатысты көкейлерінде жүрген сауалдарын берді. Сол көп сауалдардың ішінде көпшілікті толғандырғаны қойылатын кепіл жайындағы сұрақ болды. Нақтырақ айтсам, әлгі несиелі беретін екінші деңгейлі банктер біздің ауданымыздағы үйлерді кепілге аларда ең төменгі бағамен бағалайтынға ұқсайды. Бұл сұраққа аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Мейірманов Қайырбектің өзі жауап берді. Қайырбек Сәрсенбекұлының айтуынша, несиеленудің бұл түрінің өзге несиелерден ар-

сыяқы мөлшерлемесі 5%-дық жеңілдетілген несиелі желісі қарастырылды.

Атап айтқанда 20 млн теңгеге дейінгі жобаларға «Ырыс МҚҰ ЖШС, ал, 20 млн теңгеден жоғары жобаларды «Оңтүстік АЙО» ЖШС қаржыландыратын болады. Несиелі қаражат көлемі картоп дақылдарының гектарына 283 68 тг, пияз, сәбіз және қырыққабат дақылдарының гектарына 411 931 тг құрайды» деген хабарламаны ұсынды. Сонымен, кәсіпкерлікті қаржыландыруға арналған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясындағы несиелі алу шарттарын түсіндіруге арналған жиын аяқталды.

Д.ҚОЖАНТЕГІ.

Әлеуметке арзан бағада азық-түлік сатылды

Ақпанның 11 күні ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылында, Мыңжылқы мәдениет сарайы мен Қазпошта мекемесінің арасындағы ашық алаңда жәрмеңке өтті. Жалпы, Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген болатын. Сондай-ақ, біздің

(50 кг)- 7500т. Қайырбек Сәрсенбекұлының айтуынша ӘМАТ (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік) тауарларының бағасы ауданымыздағы үлкен сауда орталықтарындағы бағадан бір есе төмен болды. Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысының сөзінің растығына көз жеткізу үшін Шолаққорғандағы «Ақниет», «Іңкәр» және «Ар-

Екіншіден, әр сапарында өзіміз барып қажетті ӘМАТ тауарларын арнайы бақылап әкелеміз деп отырмыз. Қазір де көріп отырсыз, 1-2 картоп өнімі шірік шықты демесеңіз, жалпы тауарлар таза әрі сапалы шығып отыр. Әйтпесе, басқа-басқа қоймада сақталған көкөністің шірік шығуы заңдылық. Ал айда, аудан халқының игілігін ойлаған шара болған-



Созақ ауданында да аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының тапсырмасымен осы бағытта жұмыстар жүргізілуде. Мына, бүгінгі жәрмеңке де соның жарқын көрсеткіші. Бұл жәрмеңке «Түркістан» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы АҚ тұрақтандыру қоры мен Созақ аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің бірлесіп ұйымдастыруымен өтіп отыр. Бөлім басшысы Мейірманов Қайырбек Сәрсенбекұлының өзі шараның басы-қасында жүрді. Тағы да Шолаққорған ауылының әкімі Елібаев Әділ Камалұлы да өзінің қызметкерлерімен жәрмеңкенің өтуіне жәрдемдесті. Себебі, биылдыққа өтіп отырған алғашқы жәрмеңке және жеткізілген тауарлардың көлемі бір ғана «Газель» жеңіл жүк көлігін құрағандықтан шараға мұрындық болған аудан әкімдігі Шолаққорған әкімдігі бойынша әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларды алдымен қамтығанды жөн көріпті. Мұны, жәрмеңкеге келген тұтынушылардың қарасынан байқадық. Дегенмен, жәрмеңкенің өтуінен хабардар болып келген былайғы жұртта сырт қалмады. Әрбір келуші өзіне қажетті азық-түлік түрлерін қажетінше алып кетіп жатты. Шынында, келушінің қарасы көп болды. Жәрмеңкенің өтуін қадағалау мақсатында аудан әкімінің орынбасары Б.Айдарбеков пен аудан әкімінің баспасөз хатшысы Е.Райымқұловтар арнайы келіп, қатысты. Жәрмеңкеге жеткізілген және Шолаққорған тұрғындарының алуына ұсынылған азық-түлік түрлерінің бағасы мынадай болды: картоптың 1 кг-100т; сәбіздің 1 кг- 100т; пияздың 1 кг- 70 т; ас тұзының 1кг (Созақ тұз)- 35т, ал, 10 кг- 350т; күнбағыс майының 1л- 700т; ұнның 1 қабы

ай» секілді азық-түлік сатытын ірі сауда орындарының ақпан айының 1 мен 11- не жүргізілген мониторингтік бағаны салыстырып көрдік. Нәтиже, Мейірманов Қайырбек айтқандай шықты. Нақтырақ айтсам, аталмыш сауда орындарындағы картоптың 1 кг- 200т; сәбіздің 1 кг-180т; пияздың 1 кг- 90т, ас тұзының (экстрадан басқа) 1кг- 50т; күнбағыс майы 1л-750т; 1 қап ұн (50 кг)- 9000 теңгені құрайтын болып шықты. Қарап отырсаңыз, жұмысы жоқтығы және айлық жалақысы мен зейнетақысының аздығынан қиналып отырған Шолаққорған тұрғындары үшін бұл кәдімгідей демеу болды. Дегенмен, 70 мыңға жуық халқы бар біздің ауданның халқын түгелдей осындай ӘМАТ тауарларымен қамту үшін әлі де көп жұмыстар атқарылуы қажет екенін аудан әкімдігі де сезініп, түсініп отыр. «Бұл бағытта әлі де жұмыстар атқарылатын болады!» дейді кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Қ.Мейірманов. Атап айтар болсақ, осы ӘМАТ тауарларын ауданымызға әкеліп, тұрғындарымыздың тұтынуына ұсынуы айына 2 рет өткізуді жоспарлап отырған көрінеді. Сондай-ақ, менің: «жуырда ғана теледидардан Шымкенттегі әлеуметтік дүкендердің бірінде сатылып жатқан ӘМАТ тауарларының шірік, сапасыз шыққанын көрсеткенім. Ертең біздің ауданда да осындай жағдай орын алмай ма?» деген сауалыма Қайырбек Сәрсенбекұлының жауабы төмендегіше болды: «Дұрыс айтасыз, Дәке! Сол үшін де ӘМАТ тауарларын алуға облыс орталығына өзім барып келдім. Алдағы уақытта да осындай келеңсіз жағдай орын алмас үшін, біріншіден, тауарларымызды арнайы бір сауда дүкеніне қоюды жоспарлап отырмыз.

дықтан, мұның абыройы бізге де қажет. Тағы да айта кететін жәйт, келесі аптада әкелінетін ӘМАТ тауарларын Созақ ауылына апарып жәрмеңкелік негізде ондағы жерлестеріміздің тұтынуына ұсынақ па деп, ұйғарып отырмыз. Онан соң, Таукент, Қызмешекті қамти берерміз бұйыртса!».

Иә, әлеумет! Қоғамның қажеттілігі артса да бағасы шарықтап тұрған ӘМАТ тауарларының ауданымызға жеткізіліп, жерлестеріміздің игілігіне ұсынылуы шынында бір көңіл қуантарлық жәйт болып отыр. Егер, аудан әкімдігінің қызметкерлері айтқандай, бұл іс тоқтап қалмай өз жалғасын тапса және көлемі артып, сапасы түсіп кетпесе нұр үстіне нұр болар еді. Олай дейтінім, жәрмеңке барысында әдейілеп ӘМАТ тауарларын арзан бағада алуға келген үш буын ұрпақ өкіліне сауал қойған едім. Жасы жетпістің желкесіне шығып, сексеннің сеңгіріне аяқ басып тұрған Құлманбетова Ибақұл апамыз: «Данияржан, бұл бір ұтымды ойластырылған іс болыпты. Естіп қуанып қалдық. Өзің көріп тұрғандай үйге қажетті азық-түлік тауарларын арзан бағада алу дамыз. Әрине, қаптап алуға болар еді, бірақ заттардың көлемі азға ұқсайды. Кім біледі, өздерің әйтеуір болашақта да бұл іс жалғасын табады, көлемі артады деп отырсыңдар ғой. Ылайым солай болғай! Елдің үмітін үзіп алмаса жарар еді атқамінерлеріміз!» деді, үміт пен күдік араласқан күлкісін жүзінен жасырғанмен көзінен аңғартып алған аруана. Мұнан кейін тілдескен кейіпкерлерім, жасы алпысты алқымдаған Тойшыбекова Дариға мен орда бұзар жас отыздағы келіншек Оңғарова Назгүлдердің әңгімесі осы сарында болды.

Данияр БЕК.



Ауған соғысы ардагерлерімен өткен кездесу

С.Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейінде 15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне арналған «Ауғанстан: аңыз және ақиқат» атты ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті. Кездесу қонақтары-созақтық ауған соғысының ардагерлерінің «Ерлікке тағзым» қоғамдық бірлестігінің өкілдері ауыл жастарымен жүздесті. Басқосуды музей басшысы Н.Дүйсенбек ашып, іс-шараның мақсатына тоқталды. Бірлестік төрағасы Б.Омарбекұлы және қатысушы ардагерлер естеліктерімен бөлісіп, рухани-патриоттық бағытта әңгіме жүргізді. Ауыл жастары-мектеп оқушылары, Жастар орталығының, аудандық кітапхананың, әскери бөлімнің қызметкерлері, «Созақ үні» газетінің тілшісі әсерлерін ортаға салды.

«Мұражай-өткен мен болашақты жалғастырушы»

Мұражай – табиғат пен адамзат қоғамының дамуы туралы білімнің алғашқы деректемесі материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін табиғат коллекциялары мен тарихи нұсқаларды жинақтау, сақтау, зерттеу, жәдігерлерін халыққа көрсетіп, насихаттау қызметін атқаратын ғылыми мекен. Мұражай жәдігерлері ғылым мен өндірістің алуан

Жеңісәлі Бақытжанұлы да бұл іс-шарадан қалыс қалмады. Өткенсіз болашақ болмайтыны секілді, біздің жастарымызда аудан тарихын біліп, өсуі қажет. Осы арқылы өткен күн мен болашақ арасында рухани байланыс орнайды.

«Мұражай – тарих, мұражай-шежіре. Мұражай-білім-ғылым. Сан-салалы өнер мен ғылым қоспасы –



түрлі салаларын қамтиды. Ауданымыздың «Құрметті азаматы», мәслихат депутаты Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы және де «Құрметті азаматша», Нәзір Төреқұлов ІТ-мектеп лицейінің директоры Әлімбаева Гүлсара Сейітханқызы апай өздерінің мектептеріне тиесілі тарихи құндылығы бар, киелі жәдігерлерді ауданымыздағы С.Қожанов атындағы мұражайға сыйға тартты. Келешек ұрпақтың қозғаушы күші - жастар демекші «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы

мұражай. Мәдениетті елдерде әрбір мұражайдың тарихы жазылып қатталады. Тіпті әрбір мұражайдың кезеңімен алмасып, жаңарып тұрар – экспозициясының тарихы шежіреленеді» деген көрнекті әдебиетші ғалым Құлбек Ергөбек «Түркістан жинағы» атты кітабында.

С.Қожанов мұражайының басшысы Дүйсенбеков Ниязәлі ағай өзінің алғысын білдіріп, тарихи жәдігерлерді мұражайға әкеліп өткізудің өзі жастарға үлгі боларлықтай іс екенін атап өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Созақ ауданы, Тасты ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 99,67 гектар жерін Созақ ауданы Қыземшек кенті шекарасына, Қаратау ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 53,02 гектар жерлерін Созақ ауданы Қыземшек кенті Тайқоңыр елді-мекені шекарасына, Сызған ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 1741 гектар жерін Созақ ауданы Таукент кенті шекарасына беру жолымен Созақ ауданының шекарасын өзгерту мәселелерін талқылау бойынша ауылдық округтер мен кенттерде жергілікті қоғамдық жиынын өткізу туралы хабарлама

№	Жергілікті қоғамдастық жиынын шақырушы	Өткізілетін орын	Өткізілген уақыты
1	Тасты ауылдық округі әкімі	Тасты ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	14.02.2022 ж Сағат: 11:00
2	Қыземшек кенті әкімі	Қыземшек кенті әкімі аппаратының ғимараты	14.02.2022 ж Сағат: 11:00
3	Қаратау ауылдық округі әкімі	Қаратау ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	14.02.2022 ж Сағат: 11:00
4	Сызған ауылдық округі әкімі	Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	14.02.2022 ж Сағат: 15:00
5	Таукент кенті әкімі	Таукент кенті әкімі аппаратының ғимараты	14.02.2022 ж Сағат: 11:00

ЖОБА

Созақ ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 13 бабының 2-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6,31 баптарына сәйкес аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің ұсыныс хаты негізінде, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

Созақ ауданының ауылдық округтері мен кенттерінің шекаралары:
1. Созақ ауданы Қыземшек кенті әкімшілік шекарасына Тасты ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 99,67 гектар, Тайқоңыр кенті әкімшілік шекарасына Қаратау ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 53,02 гектар жерлерін қосу жолымен Қыземшек кенті әкімшілік шекарасының жалпы ауданын 23267,80 гектарға 1-қосымшаға сәйкес өзгерту;
2. Созақ ауданы Таукент кенті әкімшілік шекарасына Сызған ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 1741 гектар жерлерін қосу жолымен, Таукент кенті әкімшілік шекарасын 2282,94 гектар 2-қосымшаға сәйкес өзгерту;
3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудан аумағындағы елді мекендердің жер-шаруашылық аралық орналастыру жобалары бекітілсін.
4. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Сатыбалдыға жүктелсін.

Аудан әкімі
Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы

Созақ ауданы әкімдігінің
2022 жылғы _____
№ _____ қаулысына және Созақ
аудандық мәслихатының
2022 жылғы _____
шешіміне №1 қосымша

Түркістан облысы Созақ ауданы Қыземшек кенті әкімшілік шекарасын нақты орналастыру бойынша жасалған шаруашылық аралық жобасының
Жер экспликациясы

№	Елді мекендердің атауы	Барлық жер көлемі	Оның ішінде					Өзге жерлер	Елді мекеннің жерлері және саяжай жерлері	Елді мекеннің мал жайылым жерлері	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, жері ж/е өзге де а/ш мақсатына арналмаған жерлер	Су қоры	Орман қоры	Ерекше қорғалатын аумақ
			Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Оның ішінде			жайылым							
				Ауыл шаруашылығы алқаптары	Егістік жер	О.і Суармалы егістік								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	
Қыземшек кенті														
1	Қыземшек кенті	19888,95	91,79						91,79	1103,57	18690,09	3,50		
2	Қыземшек кентінің мал жайылым жерінен қосылатын жер телімі	120,82									108,36	12,46		
	Қыземшек кентіне Тасты а/о жерінен қосылатын жер телімі	99,67	59,39	59,39			59,39					56,24		
Тайқоңыр кенті														
3	Тайқоңыр кенті	3105,34	7,28						10,80	81,53	2649,09	363,92		
4	Тайқоңыр кентіне Қаратау а/о берілетін жер телімі	53,02	27,98	27,98			27,98					25,04		
5	Қыземшек кенті жалпы жер телімі	23267,80	186,44	87,37			87,37		102,59	1185,10	21447,54	445,20		

Созақ ауданы әкімдігінің
2022 жылғы _____
№ _____ қаулысына және Созақ
аудандық мәслихатының
2022 жылғы _____
шешіміне №2 қосымша

Түркістан облысы Созақ ауданы Таукент кенті әкімшілік шекарасын нақты орналастыру бойынша жасалған шаруашылық аралық жобасының
Жер экспликациясы

№	Елді мекендердің атауы	Барлық жер көлемі	Оның ішінде					Өзге жерлер	Елді мекеннің жерлері және саяжай жерлері	Елді мекеннің мал жайылым жерлері	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, жері ж/е өзге де а/ш мақсатына арналмаған жерлер	Су қоры	Орман қоры	Ерекше қорғалатын аумақ
			Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Оның ішінде			жайылым							
				Ауыл шаруашылығы алқаптары	Егістік жер	О.і Суармалы егістік								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	
Таукент кенті														
1	Таукент кенті	541,94							203,30	319,75	18,89			
2	Сызған ауылдық округінен	1741,0							270,06	1337,08	133,86			
	Жоба бойынша Таукент кентінің жалпы жер көлемі	2282,94							473,36	1656,83	152,75			

Хабарландыру

24.02.2022 жылы сағат 15:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында Созақ ауданының полиция бөлімі бастығының 2021 жылдың 12 айында атқарылған жұмысы бойынша «оп-Јіне» режимінде бейнебайланыс арқылы халыққа есеп беру кездесуі өтеді.

Есеп беру кезінде сұрақтар мен ұсыныстар бойынша төмендегі ұялы телефонына алдын-ала хабарласуларыңызды сұраймыз.

8-778-777-66-56
8-705-258-09-09

Е.ОРАЛБАЕВ,
Созақ АПБ бастығының
м.а полиция подполковнигі.

Жедел Республикалық Профилактикалық іс-шарасы

Пробация қызметі мен полиция бөлімшелерінде профилактикалық қызметті күшейту мақсатында қылмыстың алдын-алу бойынша қылмыстық іс-әрекетті пробация қызметінде тіркеуден өткен қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға сотталған адамдармен 07.02.2022 жыл және 13.02.2022 жылға дейін Созақ ауданының аумағында «Профилактикалық бақылау» атты Жедел республикалық алдын алу шарасы өткізілуде. Республикалық «Профилактикалық бақылау» жедел профилактикалық іс-шарасының негізгі міндеті: пробация қызметі есебінде тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықты және қылмыстың қайталануының алдын-алу, сондай-ақ іздеу жарияланған сотталғандардың тұрғылықты жерін анықтау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Созақ аудандық пробация қызметі бөлімшесінің есебінде тұрған азаматтардың мекен – жайымен жұмыс орны бойынша тексерулер бекітілген кестеге сәйкес, жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп жүргізілуде.

Н.САРСЕНБАЕВ,
Созақ ауданы пробация қызметі бөлімшесінің аға инспекторы, әділет майоры.

Сенім телефондары

«Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7 (72546) 2-31-72 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 23-7-78 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Қызметкерлері жөнінде 8-700-467-93-54 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Қызметкерлері жөніндегі аппараты» мемлекеттік мекемесі

«Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет этикасы» мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 4-25-05 сенім телефонына хабарласуға болады.

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Созақ ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелерін сайлауға конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңының 9-бабына сәйкес, Созақ ауданының қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы Созақ ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелерін сайлау жөнінде мемлекеттік органдардың өкілдері және коммерциялық емес ұйымдар өкілдері, азаматтар арасында конкурс өткізетіндігі жайлы хабарлайды.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатураларды коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар ұсынуы, оның ішінде өзін-өзі ұсынуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйым болып табылатын бір заңды тұлғадан қоғамдық кеңеске бір ғана өкіл сайлана алады.

Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, Созақ ауданы шегінде тұратын азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңының 10-бабына сәйкес, Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болмауға;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танымаған болуға;

3) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауға тиіс.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азамат-

тар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде хабарландыруда көрсетілген мынадай құжаттарды Созақ ауданы Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №16, мекен-жайы бойынша қолма-қол береді немесе maslihat_sozak@mail.ru электрондық поштасына жолдайды:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныс енгізу тәртібі жөнінде қосымша ақпаратты және ұсынылатын құжаттарды аудандық мәслихаттан (№414 кабинет) немесе 8 (72546) 4-25-65 телефоны бойынша аудандық мәслихат аппараты тұрақты комиссиялар бөлімінің басшысы Таскынов Нағашбек Әділбекұлынан алуға болады.

Ұсыныстарды қолма-қол қабылдау жұмыс күндері сағат 09.00-ден бастап 19.00-ға дейін жүргізіледі, түскі үзіліс 13.00-ден 15.00 сағатқа дейін. Сенбі, жексенбі күндері демалыс.

ОБЪЯВЛЕНИЕ о проведении конкурса по избранию членов Общественного совета Созакского района

В соответствии со статей 9 закона Республики Казахстан «Об общественных советах» рабочая группа по формированию Общественного совета Созакского района объявляет о проведении конкурса среди представителей от государственного органа, некоммерческих организаций, граждан по избранию членов Общественного совета Созакского района.

Кандидатуры в члены Общественного совета могут быть выдвинуты некоммерческими организациями, гражданами, в том числе путем самовыдвижения.

От одного юридического лица, являющегося некоммерческой организацией, в Общественного совет может быть избран только один представитель.

Кандидатом в члены Общественного совета может быть гражданин Республики Казахстан, достигший восемнадцатилет, проживающий в пределах Созакского района.

В соответствии со статьи 10 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах» кандидат члены Общественного совета не должен:

1) иметь судимость, которая не погашена или не снята в установленном законодательством Республики Казахстан порядке;

2) быть в установленном законом порядке признанным судом виновным в совершении коррупционного преступления и (или) коррупционного правонарушения;

3) состоять на учете в организациях, оказывающих медицинскую помощь в области психического здоровья, по поводу психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психо-

активных веществ.

Граждане, представители некоммерческих организаций, желающие принять участие в конкурсе в течение десяти рабочих дней после даты опубликования объявления о проведении конкурса, подают нарочно по адресу: село Шолаққорған, улица Жібек жолы, №16 или направляют на его электронную почту maslihat_sozak@mail.ru следующие документы:

1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав Общественного совета;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных;

3) справка о наличии либо отсутствии судимости;

4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ.

Дополнительную информацию о порядке внесения предложений по кандидатурам для участия в конкурсе и необходимых документах можно получить в районном маслихате (кабинет №414) или по телефону 8 (72546) 4-25-65 у заведующего постоянных комиссии аппарата Созакского районного маслихата Таскынова Нағашбека Адилбековича.

Прием предложений нарочно будет осуществляться в рабочие дни с 09.00 до 19.00 часов, перерыв на обед с 13.00 до 15.00 часов.

Суббота и воскресенье выходной.

Байқаусызда өрт пайда болған жағдайда алғашқы іс-әрекеттер

Егер қайғылы оқиға орын алса, осы төтенше жағдайда келесі іс-қимылдарды білу және жасау қажет. Өрт болған жағдайда, оны бірінші көрген адам болған жағдай туралы 101 телефонына хабарлау керек. Міндетті түрде өрт болған жердің және мекен-жайын дұрыс айту, хабарласушы фамилиясын атау, тез арада көршілерге хабарлау қажет. (түнгі уақытта

оларды міндетті түрде ояту керек). Осыдан соң қолда бар құралдармен (өрт сөндіргішпен, сумен) өртті сөндіруге кірісу керек. Бірақ ең алдымен, әрине адамдарды тез арада қауіпсіз жерге ауыстыру қажет. Ал өрт сөндірушілер келген кезде оларға төтенше жағдайды ауыздықтау шараларын жүргізуге кедергі келтірмеу керек. Соңғылардың жұмысын өрт

болған жерге жолдың ашық болуы және үйдің номер белгілерінің жақсы көрінуі тездетеді және жеңілдетеді. Ең бастысы үрейге бой алдырмау қажет.

С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Созақ ауданындағы №11
өрт сөндіру бөлімінің бастығы м.у.а азаматтық қорғау лейтенанты.

Жасыл желек

Орманды өрттен қорғайық!

Көп жылдар бойы өз бетімен бой көтеріп жайқалып өскен немесе адам қолымен отырғызылған жасыл желекті орман бірнеше сағаттың ішінде отқа оранып жойылып кетуі мүмкін. Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әр түрлі белсенділікпен жанады, бұл тек ауа-райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі – сөндірісіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңызға, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады.

Нартай МҰХАНОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман шебері.

Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Болат ШЕРИЯЗДАНОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Ауданымыздағы табиғатты қорғау және күзету бағытында жұмыс жасайтын мекемелердің бірі – «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі». Жергілікті табиғатымыздың флорасы мен фаунасын қорғау мен күзетуді жоғары қоятын бұл мекеме қызметкерлері бүгінгі күні тынбай еңбек етуде. Орманшы жігіттер жоспар бойынша тыңғылықты жұмыстар атқарып келеді. Жылда сексеуілді қорғау жұмыстарын үрдіске айналдырып алған мекеме жігіттері бұл науқан кезде әрдайым ұйымшылдық көрсетеді. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бұл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бұл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бұл өсімдіктің қас жауы адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және кәуап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз. Сексеуілді жастайынан кесіп, машинасына толтырып тиіп алған бауқеспелердің талайы ұсталып, талайына айыппұл салынып, тиісті шаралар көріліп жатыр. Соған қарамастан бұл заңбұзушылардың әрекеттері азаймай отыр. Бүгінде сексеуілді сауда нүктелерінде сатуға тыйым салынып, қатаң бақылауға алынған.

Мейірбек АСЫЛБЕКОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Барлық елдердің әлеуметтік және экономикалық дамуына жемқорлықтың кері әсерін тигізетін сөзсіз. Әсіресе бұл дерт мемлекеттік органдардағы қызметкерлердің тазалығына күмән туғызып, беделіне нұқсан

ліктегі өкілеттігін, өзіне жүктелген құқықты жеке пайдасы үшін пайдалануынан, қызмет ережесіне қарсы әрекет жасауынан туындайтыны белгілі. Кейде оның ұйымдасқан қылмысқа ұласып жататыны да

пен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлері бұл қылмыстың мәні мен түрін теория бойынша анықтау мәселесінде тиісті заң ережелерін оқып, үйреніп қана қоймай, өзара талқылаудан

Жемқорлықпен күрес-баянды болашақ кепілі

келтіреді. Ел ішінде қоғам үшін де аса қауіпті бұл көріністермен ымырасыз күрес жалғасып келеді. Сондықтан да адамдардың конституциялық құқықтары мен заңдылық принциптерінің сақталуына ерекше маңыз беріледі.

Әрбір қазақстандықтың әлауқатын одан әрі жақсартуға бағытталған жаңа әлеуметтік бастамаларымыз қаншама.

Сыбайлас жемқорлық негізінен, лауазымды тұлғаның би-

кездеседі. Сондықтан да елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті тиісті дәрежеде реттеу барысында 2002 жылғы 20 қыркүйекте №949 ҚР құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілген. Онда мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарының тиімділігін арттыру, қызметтік этика нормаларын сақтау жөнінде кеңірек айтылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізу үшін аудан әкімдігінің жұмыс-

өткізуде. Бұл орайда, әрине, қылмыстардың жасалуына көмекші болған жағдайлар мен оның себептерін ашу-аса маңызды. Сыбайлас жемқорлықпен осылайша сауатты әрі тиянақты күрескенде ғана қоғамды келеңсіздіктерден арыла аламыз.

А.БАКИРОВ,

Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермейік!

Біздің заманауи дамыған қоғамда тұратынымызға қарамастан, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Көбінесе адамдар бұл туралы ашық айтпайды – онысы бекер. Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 73 бабы бойынша жауапкершілікке тартылуы мүмкін, ал олардың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 109 (ұрыл-соғу), 110 (қинау), 131 (қорлау) баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі - бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтау болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол - жанұя, яғни, злымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады.

Олар - жұбайлар мен балалар. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол. Тәрбие әсер беретін өскен орта, ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып, түрлі жаман мінезді жұқтырады.

Отбасындағы тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар жетілдірілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобаларының жұмыстарын іске асыру жоспарының 29 пунктінде сәйкес 2004 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тағайындауымен «Тұрмыстық зомбылыққа қарсы әрекет ету туралы» заң жобасы әзірленді. Заң жобасының негізгі мақсаттары: адамның қызығушылығын, бостандығын, заңды құқықтарын қорғауға, кепілдеме беруді көтермелеу. Отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықты төмендету жөнінде тиімді шаралар қабылдау. Сіз қандай да бір зорлық-зомбылықтың нышандарын байқасаңыз немесе куәсі болсаңыз 103 немесе 102 нөмерлеріне Шұғыл қоңырау жасаңыз.

Б.ЖАППАРҚҰЛОВ,

Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері.

Эхинококкозден сақ болыңыздар!

Эхинококкоз Қазақстанның мал шаруашылығына гельминтоздардың ішінде қыруар зиян келтіретін өте кең таралған ауру. Эхинококкозбен сүт қоректі мен адам ауырады. Залалданған иттерден бөлінген жұмыртқалар жайылымды, аула-қора маңын, су қоймаларын ластайды. Өппен және сумен бірге жұмыртқалар малдың ас қорыту органдарына түсіп, сол арада жұмыртқалардың қабығы жарылып, босаған балаң құрттар ішек қабырғаларына қадалып, қан ағымымен ілесіп түрлі органдарға жайылады. Иттер өлген не амалсыздан сойылған малдың зақымданған органдарын жегенде, ауруға шалдығады. Эхинококкоз едәуір экономикалық және әлеуметтік зиян келтіре отырып, ауыл шаруашылық малын және адамды зақымдайды. Эхино-

коккозбен ойдағыдай күрес жүргізу үшін, бір жағынан ақтық иелерін (ит, қасқыр, түлкі т.б.) ауру жұқтыруына болдырмау, екінші жағынан, аралық иелерін (жануарлар және адам) ауру жұқтыруына жол бермеу қажет. Шаруа қожалықтарды эхинококкоздың таралуының алдын алу үшін иттер ұстаудың өзін ретке келтіру. (Мал қораларында ит ұстауға тиым салу, иттердің санын шектеу, құнсыз және бұралқы иттерді құрту) керек. Ал, 3 айдан жоғары иттер есепке алынып, жылына төрт рет дегельминтациядан өтуі қажет. Иттерге берілген дәрі құрттының өзін өлтіргенімен оның жұмыртқаларына әсері жоқ. Ғылыми деректер бойынша дәріленген иттерден 36-40 сағат бойы жұмыртқалардың сыртқы ортаға шығуы анық-

талған. Сондықтан ол иттерді 2 тәулік байлап қойып, бөлініп шыққан нәжіс пен таспа құрттарды өртеп жіберу қажет. Барлық шаруашылық саласындағы пайдаланатын иттердің тізімі, олардың жеке паспорттары болуы тиіс. Бұл құжатта иттердің қай уақытта, нендей ауруға қарсы емделгені жазылып отырады. Эхинококкоз және бұл да ит арқылы жұғатын аурулармен күресу үшін арнайы жоспар жасалынып, соған байланысты шаралар уақытында жүргізіліп отырған жағдайда ғана оң нәтиже береді.

С.ТУРСМУХАМЕД,
ҚР АШМ ВБЖҚ Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫЖауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЗІЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.